

**«Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы»
ЖШС**

Бекітемін
«Жан-Балауса» бөбекжай
балабақшасы менгерушісі
Х.Урманова



**Түркістан облысы
Жегісай ауданының
«Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы»
ЖШС**

Өзін-өзі бағалау

Алғабас ауылы
2024 жыл

**Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің
«Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Жетісай ауданы

Қазыбек би ауыл әкімшілігі Алғабас ауылы Б.Айтбаев көш №16

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 20 мамырда 2024 жылғы №36 Бұйрығымен құралды.

Комиссия төрайымы: Х.Урманова, балабақша меңгерушісі;

Комиссия мүшелері: И.Ахмедова, әдіскер;

Қ.Сатаева, тәрбиешісі

Ұ.Құрымбаева, тәрбиешісі

Г.Ахшаева, тәрбиешісі

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Жан-Балауса» бөбекжай балабақша ЖШС-ның бір жыл және ағымдағы жылдың маусым айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы: «Жан-Балауса» бөбекжай балабақша жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жері). Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек би ауылдық округы, Алғабас ауылы, Б.Айтбаев көшесі № 16 ғимарат
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон: 87755570880, электрондық пошта: zhanbalausa@mail.ru, web-сайт https://zhan-balausa-edu.kz/): Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, @mail.ru электрондық пошта,
4)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, қызметіне тағайындалғаны туралы бұйрықтың көшірмесі).

	менгеруші қызметіне Х.Урманова балабақша құрылтайшысы А.Шаиховтың 2022 жылғы 01 наурыздағы №15 бұйрығымен тағайындалған.
5)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Мақтаарал ауданының Әділет басқармасынан берілген Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік 2011 жылғы 14 қаңтарда берілген. БСН:110140006371; «Жан-Балауса» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Балабақшаның медициналық лицензиясы ПП 0011541ДХ, берілген күні: 11.05.2012 жыл
6)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 9 ақпанда №КЗ62ХХХ00006844 хабарлама берілген.
2	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:
1)	<p>«Жан-Балауса» бөбекжай балабақша ЖШС 2011 жылы 21 қаңтардан бастап жұмыс жасап келеді. Балабақша «Балапан» бағдарламасы бойынша 4 топ болып ашылған. Қазіргі кезеңге дейін 4 топ жұмыс істеп келеді. Тәрбиеленушілер саны 95. Балабақша ғимараты жылда ағымды жөндеуден өткізіледі, онда балалар жүріп тұруына барлық жағдай жасалған. ЖШС «Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:</p> <ul style="list-style-type: none"> -ҚР «Білім туралы» Заңына; -балабақшаның жарғысына ; -Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; -Үлгілік оқу жұмыс жоспарына; -Ішкі тәртіп ережелеріне; -Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына; -ҚР Білім және ғылым министрлігі, Мектепке дейінгі балалық шақ орталығы әзірлеген әрбір оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатына сәйкес ұйымдастырады. <p>Тамыз айынан бастап балаларды балабақшаға қабылдау жүргізіліп, балалардың жас қағидаттары бойынша топқа жасақталады.</p> <p>2023-2024 оқу жылында 4 топ жұмыс істеді. Балалар жас қағидаттары бойынша «Балдырған» кіші топ «Балапан» ортаңғы топ, «Айгөлек» ортаңғы топ, «Гүлдер» ересек топ жасақталды. Топтардың 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасына «1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» және 22.06.2016 жылғы №391 бұйрығының 1 қосымшасына</p>

сәйкес әзірленді.

Балалардың балабақшадағы күн тәртібі Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің заңнамаларына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын және әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жасалды.

2) **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – ЖТД үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:**

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Бөбекжай балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған

Мақсаты:

Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың тұлғасын дамытуға біріңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру. Отбасымен бірігіп балалардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау. Отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып балаларды әлеуметтік ортаға қарым -қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау.

Міндеті:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігі факторлары жаңа

стандарт жүйесінде іске асыру. Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылының міндеттемесі.

«Физикалық қасиеттерін» дамыту

1. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.
2. Балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға жағдай жасау;
3. Дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әр түрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындауға дағдыландыру,
4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

«Танымдық және зияткерлік» дағдыларын дамыту

1. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым – қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеру.
 2. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс-әрекет тәсілдерін меңгеру, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.
- «Танымдық және зияткерлік» дағдыларды дамыту базалық мазмұны

төмендегі ұйымдастырылған іс-әрекеттер

- Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру
- Құрастыру
- Жаратылыстану
- Сенсорика
- Қоршаған ортамен таныстыру

Жыл бойы педагогтар мыналарға көңіл бөлді:

өнімді және театрландырылған қызмет арқылы балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытудың тиімді нысандарын енгізуге; тіл дамытудың заманауи, белсенді әдістерін қолдануға.

Жекелеген педагогтар дидактикалық және дамытушы, соның ішінде педагогтар мен ата-аналардың бірлескен күшімен дайындалған ойындар мен оқу құралдарын белсенді қолданды, мысалы: мнемокестелер, кітапшалар, тақырыптық шағын кітапшалар; ойын және тосынсый тәсілдері мен жаттығулары, ақыл-ой және тілдік логикалық тапсырмалар.

«Таным» білім саласы бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шындау жолдарын қарастырдық.

Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі , ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістеріне тоқталсақ, ортаңғы топ тәрбиешілері «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», пайдалануды жақсы жолға қойылды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту

сәттері өтіледі.Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді:күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар тыныс алу жаттығулары,төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған.Қимылды ойын кешені (картотека),дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер ,ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.Балалармен жеке жұмыс жасалып,оларға еркін қарым–қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып,күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар,жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып,жақсы көрсеткіш көрсетті.

Педагогтардың шеберлігін шыңдау, жылдық жоспар мақсатын терең түсіну және орындау мақсатында шеберлік сыныптар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер жүйелі өткізіліп тұрады.Мысалы «Әдістемелік іс шара режессурасы: идеядан нәтижеге дейін» «Дарынды балалар кинезологиясы» шеберлік сағатта тәрбиешілер балаларды жан –жақты дамыту идеяларымен бөлісті. Сонымен бірге семинар –практикумдарда Бизиборд тақтайшасын қалай құру және Лулия шеңберін пайдалану, Вокобович ойын құралдарын жасау, Дене шынықтыру оқу қызметінде дәстүрден тыс құралдар арқылы бала белсенділігін арттыру тақырыптары арқылы шеберліктері шыңдалды. Тәрбиешілеріміз оқу қызметінде әр түрлі салаларды, тақырыпқа сай жоспар бойынша мән-мағынасын біріктіреді.

Тәрбиешілер қызметі ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінде, тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекетінде негізгі білім беру іс-әрекеті шеңберінде ғана емес, сонымен қатар режимдік сәттер барысында да білім беру міндеттерін шешуді қарастырды. Сабақ барысында дәстүрлі (бақылау, әңгімелесу, салыстыру, мониторинг, жеке жұмыс), сонымен қатар дәстүрлі емес жұмыс әдістері (психогимнастика, саусақты гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, ТРИЗ элементтері және т. б.) қолданылды

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту.

Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен

	<p>мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.</p> <p>Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасын дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.</p>
3)	<p>МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру</p> <p><i>Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері.</i></p> <p>Заттай кеңістікті дамытпалы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі. Топтарда бес білім саласына қатысты керекті құралдарды жинақтап дамытпалы орта ұйымдастырылған. Кіші топтарда балалардың жас ерекшелігіне іс-қимылға қажеттілікті қанағаттандыру үшін топта барынша кең кеңістік қарастырылған. Дамыту орталығындағы заттардың бояу түстері жылы, жұмсақ реңктерде болуына, заттардың пішімі мен дизайны балалардың қауіпсіздігі мен жасына қарай таңдалған. Топта сенсорлық, денсаулық және ойын бұрыштары жасақталған.</p> <p>Ортаңғы және ересек топтарда кеңістікті-дамытпалы орта әрбір бала сүйікті ісімен шұғылдану үшін мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырылған. Білім салалары бойынша жинақталған көрнекіліктер (даму орталықтары) жабдықтарды орналастыру балаларға ортаққызығушылықтары: құрастыру, сурет салу, қолмен жасайтын жұмыс, ойын-театрлық іс-қимыл, сараптама жасау бойынша шағын топтарға біріктірілуге мүмкіндік береді.</p> <p>Қатынас білім саласы бойынша топта – сюжеттік-рөлдік ойындар, «шаштараз, дүкен» ұйымдастырылған. драмалау ойындарының орталығы – дамытпалы ортаның маңызды объектісі,.</p> <p>Театраланған бұрышта шымылдықтар, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, театрдың түрлі – қуыршақтық, саусақтық, үстел үсті, көлеңкелі түрлері орналастырылған.</p> <p>Таным білім саласы бойынша әртүрлі тақырыпта альбомдар жасалған. Құрылыс ойындарына арналған түрлі түрдегі конструкторлар, ірі және ұсақ құрылыс материалдары, лево құрастырғыштары балалардың үлкен тобымен, шағын тобымен және жекелей құрастыру іс-қимылын ұйымдастыруға, құрылысты кілемнің үстінде немесе үстелде айналысуға мүмкіндік береді. Балалар, әсіресе ұлдар оларды іс-әрекеттің басқа түрлерімен үйлестіре</p>

отырып, онымен рахаттана ойнайды.

Жол жүру қозғалысының қауіпсіздігіне үйрету үшін топта қауіпсіздік альбомдары, бағдаршам, жол белгілері, әр түрлі размерде көліктер және көшелер мен жолдардың белгісі салынған едендік кілемше бар. Балаларды қауіпсіздікке үйретудің жақсы дидактикалық құрал ретінде бола алады.

Денсаулық дамыту ортасында көңілді, әдемі қимылға арналған құралдар топтық бөлменің кеңістігіне ықшамды және үйлесіммен сыйыстырылған. Ол балалардың танымалдығына ие, өйткені олардың жеке іс қимыл белсенділігіне, қатарластарымен ортақ қимылдарға, спорттық құрал-жабдықты және дене шынықтыру саймандарын еркін пайдалануға қажеттілігі жүзеге асырылады. Мұнда балалар еркін шұғылдана алады және түрлі қимыл түрлерін күшейте алады. Қимыл белсенділігін ұлғайту балалардың физикалық және ойлауды дамытуына, денсаулық күйіне оң әсер етеді. Топта таңертеңгілік жаттығуларға арналған сылдырмақтар, доптар, кубиктер, орамалдар, секіргіш жіптер, құм салынған қалташалар, обручтар және қимылды ойын атрибуттары жинақталған.

Ойыншықтар балаларға қол жетімді орналасқан. Ұлдар қызыға ойнайтын машиналар, қыздарға арналған қуыршақтар жеткілікті қамтамасыз етілген. Сонымен бірге топтарда табиғат бұрышы бар. Тәрбиешінің таңдауымен бірнеше түрде гүлдер отырғызылған. Оларға балалар күтім жасау арқылы балаларда экологиялық сана-сезімнің алғышарттары қалыптасып, экологиялық мәдениеті, экологияға, табиғат проблемаларына танымдық қызығушылығы дами түседі.

Өсімдіктерді күтуге арналған су құйғыштар, топырақты қопсытуға арналған ағаш таяқшалар дайындалған.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша барлық топта Отан, Отбасы, Ұлттық бұрышы, жыл мезгілдері бар. Балалардың бойына адамгершілік құндылықтарды отанын сүйуге, отбасы мүшелерін сыйлауға табиғаты аялауға тәрбиелеуге дамытушы ортаның әсері зор. «Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасында стандарт талаптарына сәйкес, балалардың жасына және жеке ерекшеліктеріне негізделген күзіреттіліктерін қалыптастыру үшін жағдай жасалынған деп қорытындылауға болады.

- 4) **Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау**
- Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламалардың көшірмелері, оның ішінде ООР бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің орындалғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, жас құрамы бойынша топтардың тізімі.*

	<p>Талдау нәтижелері: осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің жоқ екендігі анықталды.</p>
<p>б)</p>	<p>Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы</p> <p><i>Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері, мектепалды даярлық топтарының тізімі.</i></p> <p>Балалардың жеке даму карталары бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде жыл бой толтырылып отырды. : Баланың жеке даму картасы бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша Бақылау парақтарының мәліметтері негізінде толтырылды. Тәрбиешілер әр бақылаудан кейін білім салалары бойынша түзету іс шараларын белгілейді. Мысалы денсаулық саласы бойынша Жалғаспен бастапқы бақылаудан кейін жеке заттарын қолдану (бет орамал, майлық, сүлгі, тарақ, түбек) бойынша жұмыс жобаласа, аралық бақылауда күрделендіре жұмыстарды жобалады, мысалы жеңін түре алу, қолын құрғата сүрту, тсс; ал қортынды бақылаудан кейін түзету іс шаралары: ересектің көмегімен белгілі бір ретпен киініп-шешінуді жобалады. Қорытындыда баланың түзету іс шараларын игергені немесе жалғастыру керектігін жазып көрсетті</p> <p>Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындалды. Баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары орын алып отырды. Ересек топ тәрбиеленушілерінің карталарының көшірмесі берілді</p>
<p>б)</p>	<p>«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру</p> <p><i>Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері,</i></p>

ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде бағаланатын кезеңдегі зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркем конкурстарға қатысу нәтижелері.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Педагогтар өтпелі тақырыптарды тандау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық күздіреттілік танытады. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылады. Циклограммада Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Педагогтар мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын саралап толтырады.

Тәрбиеленушілерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа алынады. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылатынына көзіміз жетті. Балалардың жан жақты дамуына ықпал ете отырып, балаларды түрлі сайыстарға қатыстыру балабақша

ұжымының жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді.

2023жылы балабақша тәрбиеленушісі Мәжит Аружан «Балдаурен» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты ұйымдастырған шығармашылық байқау «Әнші балапан» номинациясы бойынша II -орынмен марапатталды.

Республикалық «Зерделі жас» балалар мен жасөспірімдер журналы ұйымдастырған «Өнерлі өрен-2023» байқауында Мәнерлеп оқу номинациясы бойынша тәрбиеленуші Қыдырбек Нұржаусын және оның жетекшісі Қ.Сатаева I -орын жеңіп алып, Дипломмен марапатталды.

Сонымен бірге осы байқауда «мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша Қуанышбек Гүлжайна және оның жетекшісі Қ.Сатаева I-орын Дипломымен марапатталды.

«Тіл, өнер&білім» Республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығы ұйымдастырған III Республикалық «Біз бақытты баламыз» байқауында «Қолөнер» номинациясы бойынша I дәрежелі Дипломмен балабақша тәрбиеленушісі Сенби Нұрай және жетекшісі тәрбиеші Л.Нұрмаханова марапатталды.

Осы байқауда «Сурет салу» номинациясы бойынша Исахан Аяна I-дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Осы байқауда «Сурет салу» номинациясы бойынша тәрбиеленуші Үсен Елдос I дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

7) Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторингінің) болуы.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: білім беру ұйымдарының барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму мониторингінің, жоспарларының (карталарының) көшірмелері.

«Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы жекеменшік шектеулі серіктестігінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді. 2023-2024оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен

бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыста түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

Педагогикалық талдау білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша балалардың құзыреттілік дамуының диагностикасы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әр баланың бағдарламалық материалды игеру деңгейі бақыланады. Педагогтар мен педагог – психолог жеке баланың даму мониторингін жүргізеді. Диагностиканы жүргізгенде сауалнама тапсырмалары, дидактикалық, сюжетті – рөлдік ойындар, ойын жағдайлар қолданылып, міндетті түрде көрнекі материалдар таратылады. Әдіскер И.Ахмедова біліктілікті игеру мониторингісін құрастырады, олар әдістемелік кеңесте талданады, құзыреттілік дамудың даму динамикасы, төмендеу себебі, жекелеген коррекция бойынша ұсыныстар анықталды. Диагностиканың қорытындыларымен ата – аналар, педагогтар таныстырылады.

Балабақшада мониторинг мектепке дейінгі балалалық шақ әзірлеген «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар» нұсқау хатына сәйкес жүргізілді.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдылардың маңызы зор. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге педагог тарапынан қамқорлықпен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары (карталары), мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарын немесе заңды өкілдерін, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілерді сауалнамалау нәтижелерін талдау, білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 6 немесе 7-қосымшаға сәйкес толтырылған сауалнамалардың көшірмелері, жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушінің жетістіктеріне мониторинг жүргізу.

Талдау нәтижелері: Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелеріне зерттеу жүргізілді. Сауалнама балалардың білім, білік, дағды көлемінің меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған. Осыған орай, «Гүлдер» ересектер тобы ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижесіне талдау жасалады.

Сауалнама 2024 жылдың 14 мамырда өткізілді. Балабақшаның ересек тобы/барлығы 25 бала тәрбиеленіп оқытылады, сауалнамаға 25 ата-ана қатысқан. Ата-аналар толтырған сауалнамалардың түпнұсқалары алынып, талдау жасалды. Сауалнаманы ата-ана өз қолымен толтырғанын растап, толтыру кезінде ұйым тарапынан қысым көрсетілмегендігін растады.

Ата-аналардың сауалнамасының нәтижесі

	Дағдылар тізбесі	Толығы мен келіспеймін -2	Келіспеймін -1	Жауап беруге қиналамын -0	Келісемін +1	Толығымен келісемін +2
1	Денсаулық сақтау дағдылары	0%	0%	4%	44%	52%
2	Коммуникативтік- тілдік дағдылар	0%	0%	0%	50%	50%
3	Танымдық дағдылар	0%	0%	0%	59%	41%
4	Шығармашылық дағдылар	0%	0%	0%	88%	12%
5	Әлеуметтік дағдылар	0%	0%	0%	40%	60%

	Барлығы-бал	0 %	0%	0,8 %	56,2%	43%	
	<p>Сауалнаманың нәтижесінде топта ересек топта 25 бала білім алады, сауалнамаға 25 ата-ана қатысқан, 100 %-і. Қатысқан ата-аналардың арасында сауалнамадағы жалпы сұрақтар санынан «Толығымен келіспеймін»-0 %, «Келіспеймін»-0%, «жауап беруге қиналамын»- 0,8%,«Келісемін»-56,2%, «Толығымен келісемін» -43% жауаптар болды. Сауалнама нәтижелері барлық ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балалардың игерген білім, білік дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр 99,2 %.</p>						
9	Педагогтердің біліктілікті арттыру туралы мәлімет						
1)	<p>Түркістан облысының ,Жетісай ауданы, білім бөлімінің «Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынылатын қызмет сапасын жоғарылату, күн сайын артып отырған ата-аналар талаптарын қанағаттандырып, балалардың негізгі білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар кеңінен қолданылуда.Бөбекжай балабақшада «ПШО» және «ӨРЛЕУ» біліктілігін арттыру курсынан 8 педагог өтті. Жаңартылған білім мазмұны бойынша түйінді идеяларын негізге алып жұмыс жасауда.</p>						

2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
Кіші топ «Балдырған»

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Кіші топ 2жас
1	Денешынықтыру Денешынықтыру **	Аптасына үш рет Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын
	Сурет	Күн сайын
5	Құрастыру	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Музыка	Аптасына бір рет
6	Музыка**	Күн сайын

2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
Ортаңғы «Балапан» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ 3жас
1	Денешынықтыру Денешынықтыру **	Аптасына үш рет Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Қазақ тілі	Күн сайын Аптасына бір рет
3	Қазақ тілі**	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру Сурет	Күн сайын Күн сайын
6	Құрастыру	Күн сайын
7	Жапсыру Мүсіндеу Музыка	Күн сайын Күн сайын Аптасына бір рет
	Музыка**	Күн сайын

2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
Ортаңғы «Айгөлек» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ 3жас
1	Денешынықтыру Денешынықтыру **	Аптасына үш рет Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Қазақ тілі Қазақ тілі**	Аптасына бір рет Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру Сурет	Күн сайын Күн сайын
6	Құрастыру Жапсыру Мүсіндеу Музыка Музыка**	Күн сайын Күн сайын Күн сайын Аптасына бір рет Күн сайын

2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
Ересек «Гүлдер» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ересек топ 4жас
1	Денешынықтыру Денешынықтыру **	Аптасына үш рет Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Қазақ тілі	Күн сайын Аптасына бір рет
3	Қазақ тілі***	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру Сурет	Күн сайын Күн сайын
6	Құрастыру Жапсыру Мүсіндеу Музыка	Күн сайын Күн сайын Күн сайын Аптасына екі рет
7	Музыка***	Күн сайын

Педагог кадрлардың жасақталғандығы туралы мәліметтер
«Жан-Балауса» ЖШС бөбекжай-бақшасы

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған жылы айы	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы (диплом бойынша)	Штат бірлігі	Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың нөмірі	Біліктілікті арттыру курстарының өту орны (ұйым)
1	Урманова Халима Абибуллаевна	31.10.1981	Меңгеруші	Жоғары Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу №0967694	1		Өрлеу
2	Ахмедова Индира Абудилдаевна	17.12.1980	Әдіскер	Жоғары Педагогика және психология №0581550	0,5		Өрлеу
3	Құрымбаева Ұлжан Жексеновна	22.07.1988	Тәрбиеші	Жоғары Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі №0179730	1		Өрлеу
4	Сатаева Карсыгүл Жилкайдаровна	01.01.1979	Тәрбиеші	Жоғары Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу №0547792	1		Өрлеу
5	Жанузакова Гулнара	27.07.1980	Музыкант	Жоғары Бастауыш оқыту	0,5		

	Кудайбергенов на			педагогикасы мен әдісте , Музыка және музыка тәрбиесі №021237053			
6	Нұрмаханова Лаура Қуанышбековна	17.11.1984	Тәрбиеші	Арнаулы орта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту №1134789	1		ПШО
7	Молдабаева Мадина Жолдасбековна	18.06.1990	Психолог	Жоғары Педагогика және психология№0383048	0,5		
8	Ахшаева Гүльжан Мусахановна	17.05.1987	Тәрбиеші	Арнаулы орта Бастауыш жалпы білім беру №0430001	1		Өрлеу

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін – өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің дамыту модельін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру:

1. Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;
2. Іс – әрекет барасын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану арқылы, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау.
3. Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасынан сараптама жүргізіп жоспар жасау.
4. «Жан-Балауса» бөбекжай – бақшасы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді және «жақсы» - деп бағаланады.

Комиссия төрайымы:

Х.Урманова, балабақша меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

И.Ахмедова, әдіскер;

Қ.Сатаева

Ұ.Құрымбаева

Г.Ахшаева



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ



ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ЖЕТЫСАЙСКИЙ РАЙОН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

«ЖАН - БАЛАУСА»
БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ

ЯСЛИ САД
«ЖАН - БАЛАУСА»

БҰЙРЫҚ

«20» 05 .2024 жыл
Қазыбек би а/о

ПРИКАЗ

№ 36
С/о Қазыбек би

«Өзін-өзі бағалау туралы»

Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің «Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасының ЖШС 2024 ж 20-24 мамыр өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің «Жан-Балауса» бөбекжай балабақшасының ЖШС 2024 ж 20-24 мамыр айында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.

Өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрайымы: Х.Урманова, балабақша меңгерушісі;
Комиссия мүшелері: И.Ахмедова, әдіскері
Қ.Сатаева тәрбиеші
Ұ.Құрымбаева тәрбиеші
Г.Ахшаева тәрбиеші

2.Бөбекжай балабақшасының өзін-өзі бағалау бойынша құжаттары әзірленсін.

3..Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі әдіскер И.Ахмедоваға жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма калдырамын.

Комиссия төрайымы: Х.Урманова, балабақша меңгерушісі;
Комиссия мүшелері: И.Ахмедова, әдіскері
Қ.Сатаева тәрбиеші
Ұ.Құрымбаева тәрбиеші
Г.Ахшаева тәрбиеші

